

Тендер өткізу туралы хабарлама

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервінің материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен) бойынша тендер өткізілетінін хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес тендерге қатысу туралы өтінім болған жағдайда, әрбір бейсенбі күні Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің ғимаратында Астана қ. Янушкевич көшесі, 2 мекенжайы бойынша сағат 11.00-де өткізіледі.

Тендерге қатысуға өтінім берген үміткерлерді тіркеу www.kgmr.gov.kz сайтында жоғарыда корсетілген мекенжай бойынша хабарлама жарияланған күннен басталады және тендерлік өтінімдер конверті ашылатын күннің алдындағы күні сағат 18.00-де аяқталады.

Тауар туралы мәлімет, ең томенгі колем, қосымша құн салығы есепке алынған немесе есепке алынбаған кесімді баға, тауар құнын төлеу мерзімі, тауарды шығару мерзімі және тауардың орналасқан орны туралы ақпараттар осы хабарламаға қосымшада көрсетілген.

Үміткер лот сомасының 3 (үш) пайызы колемінде тендерге қатысу үшін өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

Үміткер тендерге қатысуы үшін өтінімді қамтамасыз ету түрлерінің келесі біреуін таңдайды:

1) ҚР ҰЭМ ММРК «Резерв» ШЖҚ РМК-нің банктік есеп шотына келесі реквизиттер: КБЕ 16, АО «Казкоммерцбанк», БСК KZKOKZKX, ЖСК KZ459261501105774002, БСН 990140003130;

2) Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 55 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің банктік кепілдіктер мен кепілдемелерді беру ережесіне сәйкес берілетін кепілдік.

Үміткердің оның тендерге қатысу өтінімінің қолданыс мерзімі откенше енгізілген ақшалай кепілдік жарнасына толықтай не бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғада пайда болуына әкеп соғатын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Шығару шарты – ҚР ҰЭМ ММРК «Резерв» ШЖҚ РМК франко-қоймалары және/немесе жауапты сақтау пункттері.

Тендер ұйымдастырушылары тендерлік комиссия отырысын өткізуді оның басталуына бір күннен кешіктірмей тоқтатуы мүмкін, ол жөнінде www.kgmr.gov.kz сайтында хабарланады.

Тендерлік комиссияның отырыс хаттамалары www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылады.



188.23

Тендерлік өтінімдерді қарау нәтижесі туралы хабарлама тендер өткізілген күннен бастап 1 (бір) тәулік ішінде жоғарыда көрсетілген сайтта орналастырылады.

Анықтама үшін: 8(7172) 27-44-59, 27-44-49 (ішкі 042)

11.02.2017

Аманжол *Мамбетов* *Мамбетов* *Мамбетов*

PK